

## Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 4 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 31.12.2024 № 13 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы Заңына "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығы және Сырым ауданы әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2024 жылғы 27 наурыздағы №2-001/43 хаттамасына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің орынбасары К.Н.Тулепов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж.Батырниязов*